


# Менің кішкентай Отанымның тарихы

Оқушы: Тіләш Айнара:  
Сыныбы: 10 :

# БАЙЗАҚ АУДАНЫ




Туған жерім, тарихым, тұнық далам, Барша жұрт қасиетіңді ұлықтаған.

Басқа жердің бөктері мен таулары Дәл сенің самалыңдай жылытпаған.




# Байзақ ауданы

[Жамбыл облысының](#) оңтүстігіндегі әкімшілік аудан. 1938 ж. құрылған. 1996 жылға дейін Свердлов ауданы болып аталды. Жерінің аумағы 4,5 мың км<sup>2</sup>. Тұрғыны 87 389 адам (2011). Аудандағы 43 елді мекен, 17 ауылдық әкімшілік округтеріне біріктірілген. Орталығы – [Сарыкемер](#) ауылы.




# Тарихы

Қазақстанның оңтүстік өңірін игеру біздің заманымыздың VI – VII ғасырлардан басталғаны белгілі. XIX ғасырдың 80-жылдары бұл өңірде орыс шаруалары келе бастаған. Олар сол кезде Михайловка, Шаповаловка, Ровное, Ново-Ивановка селоларға қоныс тепкен. 1930-1931 жылдары жаппай жүргізілген ұйымдастыру науқаны кезінде мал шаруашылығын кәсіп қылған көшпелі жерлестер отырықшылық өмірге еріксіз көндірілген. Отызыншы жылдардың бас кезінде жүргізілген сол ұжымдастырудың нәтижесінде аудан бойынша кішігірім 42 ұжымшар ұйымдастырылған. Содан 20 жыл өткеннен кейін 1950 жылы, олар 13 шаруашылыққа біріктіріліп, іріленген, көп салалы ауыл шаруашылығы өндірісіне айналған.



# Географиясы



Аудан жерінің басым көпшілігі жазық, тек оңтүстігінде ғана [Қырғыз Алатауының](#) тау алды аласа қыраттары мен қырқалары орналасқан. Ауданның ең биік жері оңтүстігінде (1637 м). Солтүстігінде [Мойынқұмның](#) қырқалы-ұялы және шағылды құмды алқабы, орта бөлігінде [Талас өзенінің](#) аңғары жатыр. Жер қойнауынан фосфорит кені, құрылыс материалдары барланған. Климаты тым континенттік, қысы біршама жұмсақ, жазы ыстық, қуаң, солтүстігі (Мойынқұм) аңызакты.

# Табиғаты



Ауаның орташа температурасы қаңтарда –6 – 9 С, шілдеде 23 – 26 С. Жауын-шашынның орташа жылдық мөлшері 150 – 300 мм.

Аудан аумағынан [Талас](#), [Көделі](#) өзендері және олардың салалары мен тармақтары оңтүстіктен солтүстікке қарай ағады. Жерінің топырағы негізінен сұр, солтүстігінде құмды, оңтүстігінде (тау алды) бозғылт қоңыр топырақты. Оларда [жусан](#), [еркекшөп](#), [көкпек](#), [бұйырғын](#), [күйреуік](#), [жыңғыл](#), [сексеуіл](#), өзен бойында қамыс, құрақ өседі.



Жануарлардан [қасқыр](#), [түлкі](#), [қоян](#), [суыр](#), [борсық](#), жабайы [шошқа](#), [ақбөкен](#), [сарышұнақ](#), [аламан тышқаны](#), құстардан [дуадақ](#), [құр](#), [көкқұтан](#), [қырғауылды](#) кездеседі. Өзендерінде [сазан](#), [алабұға](#), [шортан](#), [шабақтың](#) бірнеше түрі кездеседі.



# Халқы

Аудандағы халықтың негізін ҚАЗАҚТАР құрайды (83,1%). Одан басқа АЗ0-дай ұлт

өкілдері тұрады. Байзақ ауданы облыстағы халықтың тығыз орналасқан аудандарының бірі. Халықтың орташа тығыздығы 1 км<sup>2</sup>-ге

15,5 адамнан келеді. Бұл ауданнан елге белгілі көптеген атақты адамдар шыққан. Олардың қатарында, айтыскер ақын, "Асыл арна" АРНАСЫН

ЫҢ ДИРЕКТОРЫ МҰХАМЕДЖАН ТАЗАБЕКОВ, АЙТЫСКЕР АҚЫН ӘЗІ

МБЕК ЖАНҚҰЛИЕВ, АҚЫН, ЖУРНАЛИСТ НАЗИРА БЕРДАЛЫ, ЖУРНАЛИСТ ӘЙГЕРІМ ШӘЙМЕ



# Ауыл шаруашылығы



Ауыл шаруашылығына жарамды жерінің жалпы аумағы 411,2 мың га (2001), оның ішінде жыртылған жері 63,8 мың га. Ауыл шаруашылығына пайдаланылатын жердің жалпы аумағы 332,6 мың га, оның 69,5 мың га-сы шаруа қожалықтарына берілген. Жан басына шаққанда 1 адамға 5,9 га жерден келеді. Аудан аумағындағы шабындықтың аум. 6,6 мың га, жайылымы 339,3 мың га. Ауыл шаруашылығындағы бүкіл жыртылған жердің (63,8 мың га), басым көпшілігіне (54,2%) бидай егілген. Жүгері 1,3 мың га жерді қамтыған. Көкөністер (3,1 мың га) мен майлы дақылдар (1,8 мың га) бүкіл егістіктің 10,7%-ын құрайды. Ауданда одан басқа қант қызылшасы (1124 га), картоп (400 га), жүзімдік (150 га) және жеміс ағаштары (166 га) отырғызылған (2001).



# Өнеркәсібі



Байзақ ауданы қант қызылшасы мен биязы жүнді қой, оларға қосымша астық, етті-сүтті мал, көкөніс, бақша, құс, жылқы өсіруге және омарта шаруашылығына маманданып келген. Бұрынғы 9 ұжымшар, 4 кеңшар, 1 мал бордақылау бірлестігі, 2 құс фабрикасы, 1997 жылдан әр түрлі саладағы шаруашылық субъектілеріне біріктірілген.

Ауыл шаруашылықтың әр түрлі салаларында 1711 шаруашылық нысаны бар. .

Оның ішінде ӨК – 8, ЖШС-тер – 17, шаруа қожалықтары – 1686. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың саны – 4, жол-құрылыс кәсіпорны – 1, көліктік кәсіпорындар – 3, коммуналдық шаруашылық кәсіпорны – 2, сауда және тұтыну кәсіпорындары – 1, әкімшілік-басқару органы және мекемелер саны – 26. Одан басқа банк, байланыс кәсіпорны, пошта, автоматтық телефон станциялары (14), отын-энергетика кәсіпорындары (2) мен газ шаруашылықтары (2) т.б. бар. Шағын, жеке кәсіпорындар (229), базар, жанармай құю станциялары (32), және 3 мыңға жуық автокөлік тіркелген (2001)



# ИНФРОҚҰРЫЛЫМЫ

Әлеуметтік және мәдени-ағарту саласында Байзақ ауданында жалпы білім беретін 43 мектеп, 3 балабақша, 16 мәдениет үйлері мен клубтар, 20 кітапхана, стадион, 2 аурухана, емхана, 8 фельдшірлік-акушерлік пункт, 13 отбасылық-дәрігерлік амбулатория және 21 фельдшірлік пункттер халыққа қызмет істейді. Қоғамдық ұйымдардан: түрік мәдениет орталығы, корей мәдениет орталығы, әлеуметтік қорғау саласында «Парасат» қайырымдылық қоры, облыстың «Қызыл крест» ұйымының бөлімшесі жұмыс істейді. Аудан аумағында 17 мешіт, 100-ден астам сәулеттік, археологиялық-тарихи ескерткіштер орналасқан.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА

РАХМЕТ

